

Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық Шартын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге ұсыну туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 1 желтоқсан N 1336

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Алматы қаласында 1993 жылғы 7 қарашада қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық Шарты Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы
арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы
ШАРТ

Бұдан әрі "Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын
Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы,

- халықаралық хұқық нормаларына, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында және Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің құжаттарында баянды етілген мақсаттар мен принциптерге өздерінің адалдығын қуаттай отырып,
 - олардың арасындағы достық пен өзара ынтымақтастық қатынастарының одан әрі дамуы екі мемлекеттің мүдделеріне сай келетіндігіне кәміл сене отырып,
 - адам хұқықтары туралы жалпы жұрт таныған халықаралық нормаларды сақтауға өздерінің бекем бел буғандығын жариялай отырып,
 - саяси, экономикалық, мәдени, ғылыми және басқа салаларда өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ұмтыла отырып,
- мына төмендегілер жайында уағдаласты:

1-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар егемендік, теңдік, күш қолданудан немесе күш қолданамыз деп қорқытудан бас тарту, шекаралардың беріктігі, аумақ тұтастығы, дауды бейбіт жолмен реттеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, адам хұқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, өзара тиімді ынтымақтастық, халықаралық міндеттемелерді адал орындау принциптерін дәйекті түрде ұстана отырып, достық қатынастарды дамытады.

2-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар қызметі Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың біріне қарсы бағытталған ұйымдарға, әскери одақтарға /блоктарға/ кірмеуге және қатыспауға міндеттенеді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өз аумақтарының екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тарапқа қарсы қарулы агрессияны немесе дұшпандық әрекетті жүзеге асыру мақсатында пайдаланылуына жол бермеуге міндеттенеді.

3-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың тәуелсіздігін, мемлекеттілігін және аумақтық тұтастығын әлсірету немесе жою, немесе өкіметті басып алу мақсатын көздеген ұйымдар мен топтардың құрылып, жұмыс істеуіне, сондай-ақ жеке адамдардың әрекет етуіне өздерінің заңдарына сәйкес өз аумақтарында тыйым салады.

4-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өз аумақтарында тұратын адамдарға, ұлттық немесе басқа айырмашылықтарына қарамастан, адам хұқықтары туралы жалпы жұрт таныған нормаларға, сондай-ақ өздерінің ішкі заңдарына сәйкес кепілдік береді.

5-бап

Әрбір Мәртебелі Уағдаласушы Тарап өз аумағында тұратын ұлттық азшылыққа немесе этникалық топтарға қатысты адамдарға, олардың ұлтына қарамастан, жалпы жұрт таныған халықаралық хұқық принциптері мен нормаларына және сол адамдар тұратын елдің мемлекеттік ішкі заңдарына сәйкес азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени хұқықтар мен бостандықтар жөнінде кепілдік береді.

Әрбір Мәртебелі Уағдаласушы Тарап екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың азаматтарына және Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың азаматтығына хұқығы бар, екінші Мәртебелі Уағдаласушы тараптың аумағында уақытша тұрып жатқан адамдарға жалпы жұрт таныған халықаралық хұқық принциптері мен нормаларына және бұл адамдар тұратын мемлекеттің ішкі заңдарына сәйкес адам хұқықтары мен бостандықтарының бәрі жөнінде кепілдік береді.

6-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар тең хұқықты ғылыми-техникалық ынтымақтастықты ұлғайтуға ұмтылады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өзінің заңды мүдделеріне ықпал жасайтын экономикалық шешімдер туралы екінші тарапқа дер кезінде хабарлап отырады, сондай-ақ екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың экономикалық жағдайын әлсіретуі мүмкін бір жақты әрекеттерден аулақ болады.

7-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар нарық принциптеріне негізделген өзара тиімді экономика және сауда ынтымақтастығын ұлғайтуға тырысады, сөйтіп инвестициялардың, технологиялардың, патенттік және авторлық хұқықтардың қорғалуын ескере отырып, мұндай ынтымақтастыққа қолайлы жағдай туғызады, товарлар мен қызметтер алмасуды реттейді және тиісті келісімдер жасасады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар бірлескен кәсіпорындардың құрылып, жұмыс істеуіне, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер арасындағы байланыстардың ұлғайтылуын көтермелеп отырады.

8-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың бірінің екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың аумағындағы мемлекеттік мүлкінің, заңды ұйымдары мен азаматтарының мүлкінің хұқықтық режимі, егер Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың басқа Келісімдеріне өзгеше көзделмеген болса, аумағында осы мүлік болған Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың заңдарымен реттеледі.

Мүлікке қатысты мәселелерді түсіндіруде дау-дамай бола қалған жағдайда олар сот тәртібімен реттеледі.

9-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар экономика, қаржы, көлік, инвестиция, кедендік ережелер салаларындағы және қызметтің басқа да салаларындағы заңдар мен өзге де заң актілері туралы ақпарат алмасуды көтермелеп отырады.

10-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар экологиялық қауіпсіздіктің біртұтас халықаралық жүйесіне қатысады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы нақты ынтымақтастық жеке келісімдерде белгіленеді.

11-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ағарту, мәдениет, өнер, әдебиет, бұқаралық ақпарат құралдары, спорт пен туризм саласындағы ынтымақтастықты көтермелеп, мәдени-тарихи мұра мен архивтерді пайдалану үшін жағдай жасайды.

Қызметшілерді даярлаудағы, ғылыми біліктілікті көтерудегі, ғалымдар, мамандар, аспиранттар, стажерлер және студенттер алмасудағы нақты ынтымақтастық жеке келісімдерде белгіленеді.

12-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар хұқық саласында ынтымақтасудың қажеттілігін мойындайды.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар қылмыстық, азаматтық, отбасылық және консулдық хұқық саласында бір-біріне өзара көмек көрсетеді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша хұқықтық көмек пен хұқықтық қатынастар туралы Шарт жасасады.

13-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар қылмысқа, террорға, заңсыз есірткі айналымына, контрабандаға, құпия иммиграция мен эмиграцияға, қолдан жасалған есеп айырысу және төлем құралдарын пайдалануға, сондай-ақ азаматтық авиация мен кеме жүрісіне қауіп төндіретін әрекеттерге қарсы күресте ынтымақтасатын болады.

14-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар екі елдің парламенттері, жергілікті өкімет органдары мен басқару органдары арасындағы ынтымақтастықты көтермелеп отырады.

15-бап

Осы Шартты жүзеге асыру мақсатында Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар қажет болған жағдайда, оны орындау мәселелері жөнінде екі жақты консультациялар өткізеді.

Осы Шартты түсіндіру және қолдану жөніндегі даулар

консультациялар немесе келіссөздер арқылы шешіледі.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың келісуімен осы Шарттың ережелері өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

16-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы Шарттың принциптері мен ережелері негізінде басқа да шарттар мен келісімдер жасасады.

17-бап

Осы Шарт Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың өздері қатысушылар болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын хұқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

18-бап

Осы Шарт Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың заңдарына сәйкес бекітілуге тиіс бекіту грамоталары алмасылған күні күшіне енеді.

19-бап

Осы Шарт он жыл мерзімге жасалады.

Бұл Шарттың қолданыста болуы, егер оның қолдану мерзімі біріккенге дейін бір жыл бұрын Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың бірі оны бұзғысы келетіні туралы екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тарапқа жазбаша түрде ескертпесе, оның қолданыста болуы келесі

бес жылдық кезеңдерге өзінен-өзі ұзартылады.

1993 жылы 7 қарашада Алматы қаласында әрқайсысы қазақ және литва тілдерінде екі дана болып жасалады және заң жүзінде бұл тексерістердің күші бірдей.

Әрбір Тарапқа осы Келісімнің данасымен бірге аударманың орыс тіліндегі ресми тексі қалдырылады.

Қазақстан Республикасы
үшін

Литва Республикасы
үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК